

Өскемен қаласының Қазақ соқырлар қоғамы оқу-өндірістік кәсіпорнын импортталатын тауарларға кеден бажын төлеуден босату туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 тамыздағы N 1210 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 20 ақпандағы
N 171 Қаулысымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.20. N 171
Қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы"
Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан
Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Өскемен қаласының Қазақ соқырлар қоғамы оқу-өндірістік кәсіпорны
коммуналдық қызмет көрсетулерін есептеу аспаптарын әзірлеу үшін "Данфос"
дат фирмасынан түсетін шығысөлшеуіштерге (ТМД СЭҚ ТН коды - 902610510),
басқа да бөліктері мен керек-жарақтарына (ТМД СЭҚ ТН коды - 902690900),
сынақ стендтеріне (ТМД СЭҚ ТН коды - 903120000) кеден бажын төлеуден
б о с а т ы л с ы н .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
кіріс министрлігінің Кеден комитетіне жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі